ПК 4 (юрист)
в уст. порядке
п/н-а

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

ШЕШІМ

2025 жылғы 28 мамыр № 3514-25-00-2/1588 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Б.Оразгалиева
сот отырысының хатшысы В.Кимның
прокурор К.Сарбаеваның қатысуымен
ашық сот отырысында аудио-бейне таспаға жазумен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Мартбек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесінің

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Альжан» Альжан Жанерке Бауыржанқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2.тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талапкердің өкілі Омарова И.А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 19 ақпанда «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Мартбек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тапсырыс беруші) және жеке кәсіпкер «Альжан» Альжан Жанерке Бауыржанқызы (бұдан әрі – өнім беруші) арасында №38 «Toyota Prado 120 VIN:JTEBL29J895139456 қозғалтқыш көлемі 2.7 жеңіл көлігіне

- Сот өндірісі -
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ СОТЫ
«ЕРІКТІ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖЕКЕ МҮЛІКІНІҢ ҚОРҒАЛУЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ ТІРЕКТІК ЖҮЙЕСІ»
Құжатқа қол қойылған: Оразгалиева А. Б., 04.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 08.07.2025, судья Оразгалиева А. Б., 08.07.2025
52859 ӘСКЕРИ БӨЛІМІ
Кіріс № 3/3
2025 ж. «11» 07
бетте
қосымша бетте

3514-25-3-1Л769

арналған алдыңғы ось тежегіш дискі» тауарын жеткізу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды.

Шарттың жалпы сомасы –56 500 теңге.

Тауарды жеткізу мерзімі – қазынашылық органдарында шарт тіркелген күннен кейінгі күннен бастап 25 күнтізбелік күн ішінде, яғни, 2025 жылғы 19 наурызға дейін.

Шарттың қазынашылық органдарында тіркелген күні 2025 жылғы 21 ақпан.

2025 жылғы 4 сәуірде келісім шарт орындалмауына байланысты бұзылды.

Мемлекеттік сатып алу туралы Шартының 7.4 тармағына сайкес, Тапсырыс беруші 17 күнге тұрақсыздық айыбын 2025 жылғы 19 наурыздан бастап 4 сәуірге дейін өндіру сұрайды. Тұрақсыздық айыбын есептеу: 56 500*0,1%*17=960,5 тенге.

Талап қоюшы шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу сұрайды.

Жауапкер істі оның қатысуынсыз қарау туралы немесе сот отырысын кеінге қалдыру туралы өтініштер бермеген, талап қою бойынша пікір жіберілген жоқ.Сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабының 4 бөлігіне бойынша істі қарау туралы шешеім қабылданды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

Шарт жасасу сәтіндегі қолданыстағы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім

Құжатқа қол қойылған: Оразгалиева А. Б., 04.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 08.07.2025, судья Оразгалиева А. Б., 08.07.2025
3514-25-3-1/1769

берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 414 тармағына сәйкес талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарттың жобасында және техникалық ерекшелікте көзделген талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Шарттың 1 қосымшасына сәйкес Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарларды 2025 жылдың 19 наурызға дейін жеткізуге міндеттеме алған(соңғы күні 18 наурыз).

Алайда, жауапкер Шарттың №1 қосымшасындағы міндеттемелерін уақытылы орындамады. Тауарлар мекен-жайларға 2025 жылдың 19 наурызға дейін жеткізілмеген.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-бөліміне сәйкес, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті. Талап қою Заңда көрсетілген мерзім ішінде сотқа берілген.

2025 жылғы 4 сәуірде келісім шарт орындалмауына байланысты бұзылды.

Істің осы жағдайында жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою негізді болып табылады.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық айыбы (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.4-тармағына сәйкес Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл,

Құжатқа қол қойылған: Оразгалиева А. Б., 04.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 08.07.2025, судья Оразгалиева А. Б., 08.07.2025
3514-25-3-1/1769

өсімпұл) өндіріп алады отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

Талап қоюшының есебі бойынша 2025 жылдың 19 наурыздан 2025 жылдың 4 сәуірге дейін тұрақсыздық айыбының көлемі 960,50 теңгені құрайды.Талап қоюшының есептеген тұрақсыздық айыбының көлемін сот дұрыс деп санайды сондықтан, талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден талап қоюшының пайдасына 960,50 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің 117-бабына сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1995 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 229, 403 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Мартбек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Альжан» Альжан Жанерке Бауыржанқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Альжан» Альжан Жанерке Бауыржанқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Альжан» Альжан Жанерке Бауыржанқызынан Қазақстан Республикасы төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Мартбек Мамраев атындағы 52859 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 961 (тоғыз жүз алпыс бір) теңге тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Альжан» Альжан Жанерке Бауыржанқызынан 1995 (бір мың тоғыз жүз тоқсан бес) тенге мөлшеріндегі мемлекеттік жергілікті бюджеттіне өндірілсін.

Шешімге Азаматтық процестік кодексінде белгіленген қағидаларды қоспағанда, тараптар апелляциялық шағым, прокурор апелляциялық өтінішхатты - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **А.Б. Оразгалиева**

Көшірме дұрыс.

Судья **А.Б. Оразгалиева**

Құжатқа қол қойылған: Оразгалиева А. Б., 04.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.07.2025, судья Оразгалиева А. Б., 08.07.2025

3514-25-3-1/1759

Анықтама
Шешім заңды күшіне енген жоқ
Судья

А.Б. Оразгалиева

Шешім 2025 жылы «____»_____ заңды күшіне енді

Судья

А.Б. Оразгалиева

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Оразгалиева А. Б., 04.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 08.07.2025, судья Оразгалиева А. Б., 08.07.2025

3514-25-3-1/1769